

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**

ДӘРІС КЕШЕНІ

Мамандық: 009130100 «Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»
Оқу түрі: күндізгі
Оқытудың нормативтік мерзімі: 3 жыл 6 ай
Циклдар мен пәндер индексі: АП 16
Курс: 3
Семестр: 5
Пән: «Пациенттерді үйрету»
Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредиттер КЗ: 48/2

OҢTҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/ 11 ()
Дәріс кешені		16 беттің 2 беті

Кафедра мәжілісінде қаралды және бекітілді.

№ 1 хаттама. «27» 08 2024 ж

Кафедра меңгерушісі  Серикова Б.Д.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/ 11 ()
Дәріс кешені		16 беттің 3 беті

№1 дәріс

1.Тақырыбы: Кіріспе. Науқасты оқыту кезеңдері.

2. Мақсаты: Студенттерге пациентті оқыту туралы түсінік беру.

3. Дәріс тезистері:

- Пациентті оқытудың анықтамасы.
- Пациентті оқытудың маңыздылығы.
- Пациентті оқытуда жалпы жоспарды құрастыру және кестесі.

Пациентті оқыту процесі–бұл мейіргер мен пациентке қажетті мақсатты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жол.

Пациент денсаулығының төмендегенінің салдарынан кейбір іс-әрекеттерді орындай алмайды, сол қабілеттіліктерін дамыту үшін кәсіби тұрғыда әсер ете алатындай адамды (пациентті) оқыту өрісінде білімдар болуы керек.

1.Танымдық– пациенттердің қоршаған ортадан алған білімін, әсерін талдап және жинақтауына дағдылануына бағытталған өріс.

2.Эмоционалдық– жеке тұлғаның мынадай: әсерлі, аяушылық, қайырымдылық, қатыгездік және т.б. эмоционалдық қасиеттерінен тәуелді болатын көңіл күйін сипаттайтын өріс.

Этика (Аристотель) - адамгершіліктік мораль мен құлықтылық туралы ғылым.Парызтану (деонтология - грек тілінен Deontos - парыз, logos - ғылым) (ағылшын Бентам) – науқас пен дәрігердің, медициналық қызметкерлердің өзара (субординация, сабақтастық, тыңғылықтылық) қарым - қатынастарындағы және ғылыми-техникалық жетістіктердің тәжірибелік медицинаға енгізілуіне байланысты парыз туралы ғылым.

Медицина қызметкерлерінен сезімталдық, ықыластылық, қайырымдылық, ақ пейілділік, мейірімділік, қамқоршылық және жоғары кәсіпкерлік сияқты адамгершілік қасиет талап етіледі.

Сыртқы бейнеге қойылатын нақты талаптарды орындау: ауыстыратын аяқ киімнің болуы, халат таза және үтіктелген, тырнақтар - қысқа қырқылған, шаш калпақтың ішіне тығылған болуы керек.

Мейіргер жоспарды құру, оқыту процессінің орындалуын қадағалап, бағалап, және оның сапасын, тиімділігін тексеріп, дәлелдерін қалыптастырудан тұратын оқыту процессін ұйымдастырып отырады. Оқу жоспары пациенттің жекелік қасиеттерін, оқытуға бөлінетін уақытты ескере отырылып, пациентпен бірлесіп талқыланады. Оқу процессі егер де мейірбике және пациент немесе оқушы белгілі бір мәселелерді ұғынуы бойынша қойылған мақсатта жетсе, онда оқыту тиімді деп саналады. Бұл жағдайда мейіргер коммуникативтік дағдылар, педагогикалық тактиканы және де педагогика, психология негіздерін білуі керек.

Мейіргерлік үрдіс туралы түсінік, оның мақсаты және мақсатқа жету жолдары

Қазіргі заманда мейірбикелік үрдіс мейіргерлік білім берудегі өзегі болып табылады және Қазақстандағы мейірбикелік күтімінің теориялық ғылыми базасын құрайды.

Мейіргерлік үрдіс – мейірбике пен пациент қарым-қатынасында күтім көрсету мақсатында туындайтын проблемалар жағдайын анықтайтын жүйелі жолы болып табылатын мейіргерлік практиканың ғылыми әдісі.

Мейіргерлік үрдістің мақсаты пациент ағзасының негізгі қажеттілігін қанағаттандырудағы тәуелсіздігін қолдау және қалпына келтіру болып табылады.

Мейіргерлік үрдістің мақсатына жету келесі мәселелерді шешу арқылы жүзеге асады:

- Пациент туралы ақпараттар базасын құру;
- Мейіргерлік күтім көрсетудегі пациенттің қажеттілігін анықтау;
- Мейіргерлік қызмет көрсетудегі маңыздылығын көрсету;
- Күтім жоспарын құру, яғни мейіргерлік күтімді тікелей және жанама көрсетіп отыру;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»	№72/ 11 () 16 беттің 4 беті
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Дәріс кешені		

– Пациентті күту және күтім көрсетудегі мақсатқа жетудегі нәтижесін бағалау.

4.Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз.

6.Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Пациентті оқыту;
- Пациент және мейіргерлік мамандық сөзіне анықтама беріңіз;
- Пациентті оқытудың қандай кезеңдері бар және атап өтіңіз.

№2 дәріс

1. Тақырыбы: Науқас туралы ақпарат жинау.

2. Мақсаты: Студенттерді пациентті оқыту кезіндегі науқас туралы ақпарат жинау туралы үйрету.

3. Дәріс тезистері:

- Науқасты оқытудың тиімділігін бағалау және сараптау.
- Науқас туралы ақпарат жинау кезеңдері.
- Субъективті және объективті ақпарат жинау негіздері.

Қазіргі заманда мейірбикелік үрдіс мейірбикелік білім берудегі өзегі болып табылады және Қазақстандағы мейірбикелік күтімінің теориялық ғылыми базасын құрайды.

Мейірбикелік үрдіс – мейірбике пен пациент қарым-қатынасында күтім көрсету мақсатында туындайтын проблемалар жағдайын анықтайтын жүйелі жолы болып табылатын мейірбикелік практиканың ғылыми әдісі.

Мейірбикелік үрдістің мақсаты пациент ағзасының негізгі қажеттілігін қанағаттандырудағы тәуелсіздігін қолдау және қалпына келтіру болып табылады.

Мейірбикелік үрдістің мақсатына жету келесі мәселелерді шешу арқылы жүзеге асады:

- Пациент туралы ақпараттар базасын құру;
- Мейірбикелік күтім көрсетудегі пациенттің қажеттілігін анықтау;
- Мейірбикелік қызмет көрсетудегі маңыздылығын көрсету;
- Күтім жоспарын құру, яғни мейірбикелік күтімді тікелей және жанама көрсетіп отыру;
- Пациентті күту және күтім көрсетудегі мақсатқа жетудегі нәтижесін бағалау.

Мейірбикелік үрдістің I кезеңі мейірбикелік тексеріс жүргізу әдісі арқылы жағдайды бағалау процессін өзіне енгізеді.

Тексеру мақсаты- пациент туралы ақпаратты жинау, негіздеу, бір-бірімен байланыстыру

1. Керекті ақпараттарды жинау:

Пациентті тексеру әдістері:

Субъективті-пациенттің сезімдеріне, эмоцияларына негізделген, пациенттің өз денсаулық жағдайына реакциясы.

Субъективті мәліметтерді медбике вербальді сөйлеу мәнері, сұрақтарға адекватты жауап беру, сөйлеулердің логикалық байланысы және вербальді емес ым-ишара, дене қалпы, көру контакты деңгейлерде анықтайды. Пациентті тексеруде сұрастыру негізгі рөл атқарады. Ақпараттың толық болуы медбикенің пациентті әңгімелесуге дұрыс қаратуына байланысты.

Субъективті ақпарат- бұл пациенттің өз денсаулығының жағдайы туралы пікірлері. Медбике субъективті тексеруді пациенттің паспорт мәліметтерінен бастайды содан соң анықталады. Шағымдары яғни пациенттің мед қызметкерлерге келуіне не себеп болғаны; -өмір сүру, ауру анамнезі- белгілі бір мәселелердің даму тарихы, адамның негізгі қажеттіліктерінің қанағаттануы туралы сұрастырады;

- әлеуметтік мәліметтер (жанұяда қарым-қатынасы,пациент өмір сүретін және жұмыс істейтін ортасы);
- интеллектуалды мәліметтер (сөйлеу, есте сақтау, коммуникативтік қабілеттерді бағалау);
- мәдениет туралы мәліметтер (мәдени құндылықтары);
- рухани дамуы туралы мәліметтер (рухани құндылықтар,дінге қарым -қатынасы, әдеттері, сенімдері, салт-дәстүрлері).

Субъективті мәліметтер, оның ішінде физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік, сонымен қатар төлқұжаттық мәліметтер, дәрігер диагнозы, қазіргі уақыттағы шағымдары.

Пациенттің психоәлеуметтік жағдайын бағалау: бақылудағы мінез құлқын сипаттау., эмоционалдық өрісінің динамикасы, әлеуметтік – экономикалық мәліметтерді жинау, қауіп-қатер факторларын, денсаулыққа әсер ететін айналадағы қоршаған ортаның мәліметтерін анықтау.

Объективті-қарау,бақылау, өлшеу мәліметтері.объективті ақпарат бұл мейіргердің пациентті қарау, бақылау, тексеру физикалды қарау нәтижесінде алған мәліметтері.

Оларға жатады:

-психологиялық мәліметтер (мінезінің жеке ерекшеліктері, көңіл-күйі, өзіндік бағалау, шешім қабылдау);

-физикалық мәліметтер- пациентті қарау, пальпация, перкуссия,аускультация әдістерін қолданумен пациенттің морфологиялық және функциоалды ерекшеліктерін бағалау.

Қосымша зерттеулер: зертханалық жіне аспапты (рентген эндоскопия,УДЗ)әдістер.

Объективтік мәліметтері: бойы, дене салмағы, жүзінің өзгерісі, сана-сезімі, жүрісінің өзгерісі, төсектегі жағдайы, тері қабығының жағдайы, дене қызуы, демі, тамыр соғысы, қан қысымы, табиғи қызмет атқаруы, т.б. мәліметтер.

Медбикелік үрдістің I-кезеңі:



Пациент туралы ақпарат көзі:

2. Пациентті сұрастыру;
3. Пациенттің мүшелерін және жүйелерін физикалық тұрғыдан қарастыру;
4. Дәрігермен сұхбат;
5. Пациенттің туысқандарымен сұхбаттасу;
6. Медициналық әдебиетті және күтім бойынша арнайы әдебиеттерді оқу;
7. Пациенттің ауру тарихымен танысу.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/ 11 ()
Дәріс кешені	16 беттің 6 беті

Мейіргерлік тексеру дәрігердің тексеруімен алмаспайтын, тәуелсіз болып келеді, яғни дәрігер мен мейіргер өз жұмыстарында түрлі мақсаттарды көздейді.

4. Көрнекі материалдар:

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Пациент туралы ақпарат жинаудың түрлері;
- Субъективті және объективті ақпарат жинау әдісі;
- Мейіргерлік зерттеудің дәрігерлік зерттеуден айырмашылығы.

№3 дәріс

1. **Тақырыбы:** Науқастың қажеттіліктері мен проблемаларын анықтау.

2. **Мақсаты:** Студенттерге науқастың қажеттіліктері мен проблемаларын анықтау туралы түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

- Қажеттілік туралы мәлімет;
- Қажеттілік ұғымындағы мейіргерлік іс;
- Мейіргердің қажеттілікті анықтап, сол қажеттілікке қарсы жұмыс жүргізу.

Қажеттіліктер – жеке адамның, әлеуметтік топтың, қоғамның тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін объективті түрде керек нәрсеге мұқтаждық, белсенді әрекеттің ішкі қозғаушысы. Қажеттіліктер субъект пен оның қызметінің өзара байланысын көрсетеді, әуестіктен, мүдделерден, мақсаттардан және мінез-құлықтан көрініс табады. Қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатты іс-әрекеттің нәтижесінде іске асады. Қажеттілікті тәрбиелеу тұлғаны қалыптастырудың орталық міндеттерінің бірі болып табылады.

Маслоу, Абрахам Харольд (1908-1970) – көрнекті америкалық психолог, гуманистік психологияның негізін қалаушы.

Адами қажеттіліктерді талдап, оларды иерархиялық баспалдақ түрінде орналастыру – Абрахам Маслоудың «**Маслоу қажеттіліктер пирамидасы**» деген атпен танымал болған жұмысы.

Маслоу тұжырымдамасы «Уәж және жеке тұлға» (Motivation and Personality) кітабында жан-жақты баяндалған. Пирамида түрінде бейнеленген қажеттіліктер иерархиясы АҚШ, Европа және Ресейде тұлғаны ынталандырудың әйгілі модельдерінің біріне айналды. Оны негізінен менеджерлер мен маркетингтік мамандар көп пайдаланады.

Өткен ғасырдың 70–80-жылдарындағы оқу туралы көптеген теориялық зерттеулерді гуманистік психологияға негіздеп және өсудің адами әлеуетін «мен» тұжырымдамасына баса назар аудара отырып қарастырған. Түсінуді дамытуда жеке еркіндік, таңдау, ынта және сезімдердің мәні де зор екендігі туралы пікір осыған түрткі болған факторлардың бірі болып танылды. Ынтаның иерархиялық моделін әзірлеген танымал ғалым Авраам Маслоу болды (1968). Төменгі деңгейге ол психологиялық қажеттіліктерді орналастырса, жоғары деңгейге – өзін-өзі көрсете, таныта білуді қойды.

А.Маслоудың пікірі бойынша, өзін-өзі таныту туа біткен құбылыс, ол адам табиғатына енеді. Адамгершілік, жақсылық жасау, жақсылық тілеу адамның өзегін құрайды. Адам осы гуманистикалық қажеттіліктерін жүзеге асыра білуі керек. А. Маслоу теориясындағы бұл тұжырым дұрыс деп саналды. Өз көзқарастарын ол “Адамдық мотивация теориясы” (1934), “Психологияға шолу”(1934), “Мотивация мен индивидуалдылық” (1970) атты ғылыми еңбектерінде баяндаған. Маслоу “қажеттіліктер пирамидасы” деп аталып кеткен ынтаның (қажеттіліктердің) иерархиялық теориясын жасаушы ретінде танымал ғалым.

адамның қажеттіліктерінің күнделікті және олардың ынталандыруға әсері туралы еңбегінен еңбегінен білген бихевиорисердің бірі болып А.Маслоу табылды.

Онымен құрастырылған кең танымал қажеттіліктердің иерархиясы келесі негізгі ойлар мен алғы шарттарды кіргізеді:

- адамдар үнемі қандай да қажеттіліктерді сезеді;
- адамдар бөлшек топтарға біріккен күшті белгіленген қажеттіліктер жинағын бастан кешіреді;
- қажеттіліктер тобы бір-біріне қатысты иерархиялық түрде орналасқан;
- қажеттіліктер қанағаттандырылмаса, адамды іс-әрекеттерге түрткілейді. Қанағаттандырылған қажеттіліктер адамдарды қайта ынталандырмайды;
- егер қажеттілік қанағаттандырылса, оның орнын басқа қанағаттанбаған қажеттілік басады;
- көп жағдайда адам бір-бірімен жинақтылық қатынаста болатын бір уақытта бірнеше әр түрлі қажеттіліктерді сезеді;
- "пирамиданың" негізіне жақын тұрған қажеттіліктер ең бірінші ретте қанағаттандыруды талап етеді;
- жоғарғы деңгейдегі қажеттіліктер төменгі деңгейдегі қажеттіліктер қанағаттанған соң адамға белсенді түрде әсер етуді бастайды;
- төменгі деңгейдегі қажеттіліктерге қарағанда жоғарғы деңгейдегі қажеттіліктердің көп санымен қанағаттанулары қажет



Биологиялық және физиологиялық қажеттіліктер

тамақ, су, баспана, жылу, жыныстық қатынас, ұйқы, физикалық тәуелсіздік сияқты қажеттіліктер келесі деңгейге ауыспай тұрып қанағаттандырылуы керек.

Адамның өмір сүруі үшін ең алдымен ауа қажет. Ауа тіршілік көзі. "Ауа өмір тынысы" деп халық бекер айтпаған. Тыныс алу тоқтаса, өмір де тоқтайды. Айналамызда жасыл өсімдіктер

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/ 11 ()
Дәріс кешені		16 беттің 8 беті

неғұрлым көп болса, ауада соғұрлым таза. Таза ауада демалу, спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтын ұстану - әрбір адамзаттың негізгі қажеттілігі.

Адам аштыққа ұшыраса, ол ең алдымен тамақ іздейді. Дұрыс тамақтану адам денсаулығының құрамдас бір бөлігі болып табылады. Күніне бір-екі рет қана тамақтану дұрыс емес, белгілі мөлшерде үш, төрт рет тамақтану керек. Үшінші тамақ құнарлы болғаны жөн. Дұрыс тамақтану - адамның денсаулығының негізі, ол ағзаның қоршаған ортаның әртүрлі қолайсыз жағдайларына төзімділігін арттырады. Биологиялық қажеттіліктер орындалғаннан кейін, баспана, жылу, ұйқы, физикалық тәуелсіздік сияқты қажеттіліктер келесі деңгейге ауыспай тұрып қанағаттандырылуы керек.

Қауіпсіздікке және болашаққа сеніммен қарау қажеттілігі (экзистенциялық қажеттіліктер)

қорғау, тәртіп, заң, шек қою, тұрлаулылық және т.б. болашағы болжанған және бірізділікке негізделген өмір болуын көздейді. Адам денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігін сақтап қалу үшін жарақаттанудан қашық болуға тырысады. Адам қауіпсіздікте және жинағының сақталуында психологиялық қажеттілікті сезеді. Қажеттіліктің осы түрі адамдарды өрттен сақтану келісімдерін жасауға немесе өзінің ақшасын банкте сақтауға итермелейді.

Сүйіспеншілікке және қарым-қатынасқа деген қажеттіліктер (әлеуметтік қажеттіліктер).

Адам ұжымның мүшесі болуға, бірлескен іс-шараларға қатысуға ұмтылады. Ол адамдардың көңілін өзіне аударғысы келеді, жақын араласушылық пен қолдауға, достық пен махаббатқа мұқтаж.

Құрмет көрсетілуін қажет ету (беделді қажеттіліктер)

Адам өзін сыйлауды, оның қол жеткізген жетістіктеріндегі шеберлікті мойындауды, құзыреттілікке ие болу ниетіне жол ашуды, қызмет сатысы бойынша өсуді, айналадағылардан сыйласушылықты, ұжымдағы лидерлік позицияны ұстануды қажет етеді.

Өзін-өзі таныту қажеттіліктері (рухани қажеттіліктер).

Адам өзінің білімін, қабілеттіліктерінің, біліктілігі мен дағдыларын барынша толық пайдалануға ұмтылыс танытады. Бұл қажеттіліктер өз көрінісін өнер, тұлғаның өзін көрсетуі арқылы көрініс табады. Маслоу оқуды өзін өзі көрсетудің бір жолы ретінде қарастыруға болады деп ойлайды.

Білім алудағы пациенттің және оның жанұясының қажеттілігіне баға беру.

Пациенттердің қандайда бір қажеттілігін ашудағы қанағаттануының бұзылуы кезінде пациентте аурушандық жағдай дами түседі.

Пациенттің және оның жанұясының өміріндегі белгілі бір сәтіндегі қажеттіліктерін ашуды, оның денсаулығын жақсарту мақсатында белсенді әсер етуге болады және де бұл процессте мейірбикеге көп көңіл бөлінеді. Ол үшін мейірбике:

- пациенттің өмір қалпы бағалайды;
- пациенттің өзіне күтім жасау оқуындағы қажеттіліктерін анықтайды;
- пациенттің әлеуметтік және мәдени ортасын бағалайды;
- оқушының психологиялық ерекшеліктерін, дамуын бағалайды.

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6.Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Қажеттілік дегеніміз не?
- Маслоу бойынша қажеттілік пирамидасын айтып беріңіз.
- Қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін нені білуіміз қажет жалпы тоқталып өтсеңіз.

№4 дәріс

1. Тақырыбы: Оқыту мақсаттарын, пациентті оқыту жоспарын қою.

2. Мақсаты: Студенттерге оқыту мақсаттарын, пациентті оқыту жоспарын қоюды түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

- Оқытудың мақсаты туралы түсінік;
- Оқуды жоспарлау, оның қасиеттерін бағалау;
- Оқудың тиімділігі.

Мейіргер пациентті күту жоспарын құрады. Жоспар міндетті түрде нақты болу керек. Жоспарлау барысында әр артықшылықты мәселеге күтімнің мақсаты мен жоспары тұжырымдалады. Мақсат екі себептен белгілеу қажет:

- Жеке мейіргерлік қатысудың бағытын көрсетумен;
- Қатысу нәтижесі дәрежесін анықтаумен.

Мақсат қоюдың талаптары:

- Мақсаттар орындалатын, қол жетерліктей болу керек;
- Әр мақсаттың орындалу мерзімін нақты белгілеу қажет.

Жоспар түрлері:


- Қысқа (1 аптадан кем емес) мерзімді-қысқа уақыт ішінде орындалады. Әдетте аурудың жедел түрінде, мысалы уланғанда асқазанды жуу.
- Ұзақ (апталар, айлар) мерзімді- ұзақ уақыт ішінде орындалады.

Олар асқынулардың алдын алуға, бейімделуге т.б. бағытталған.

Әр мақсат 3 компоненттен тұрады: іс-қимыл; белгілері: күні, уақыты арақашықтығы; шарты-кімнің (ненің) көмегімен.

Күтім жоспарын құрастырғанда мейіргерлік қатысудың стандартына сәйкес басшылық етеді. Мейіргер мақсаттарын анықтап күтім жоспарын құрғаннан кейін сол іс-әрекеттерінмен пациентті таныстырып, оның келісімін алады және пациентпен бірге мақсатқа жету жолдарын анықтайды.

Күтім жоспары міндетті түрде мейіргерлік тарихта жазылу керек.



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/ 11 ()
Дәріс кешені		16 беттің 10 беті

Мейірбике жоспарды құру, оқыту процессінің орындалуын қадағалап, бағалап, және оның сапасын, тиімділігін тексеріп, дәлелдерін қалыптастырудан тұратын оқыту процессін ұйымдастырып отырады. Оқу жоспары пациенттің жекелік қасиеттерін, оқытуға бөлінетін уақытты ескере отырылып, пациентпен бірлесіп талқыланады. Оқу процессі егер де мейірбике және пациент немесе оқушы белгілі бір мәселелерді ұғынуы бойынша қойылған мақсатта жетсе, онда оқыту тиімді деп саналады. Бұл жағдайда мейірбике коммуникативтік дағдылар, педагогикалық тактиканы және де педагогика, психология негіздерін білуі керек. Пациентті оқыту мақсатының құрылымы 3 сфераға бағытталуы керек:

танымдық;

Эмоционалдық;

Психологиялық.

Мақсат құрылымы мынадай ситуацияда көрінуі мүмкін:

Танымдық сферада- науқас су балансы туралы біледі және түсінеді (2 күн ішінде)

Психологиялық сферада- науқас су балансын анықтауға психологиялық дайын болады

Эмоционалдық – науқас су балансын бақылаудың маңыздылығын түсінеді.

Мақсат нақты және нәтижелі болуы керек.

Мақсат қойғаннан кейін медбике оқыту мазмұнын мен тәсілін жоспарлайды.

Оқыту мазмұны әртүрлі болуы мүмкін:

- Денсаулық сақтау;
- Денсаулық деңгейін қалыпта ұстау;
- Өмір сапасының деңгейін қалыпта ұстау.

Медбике оқыту жоспарын құруға пациентті және туыстарын қатыстыруы қажет.

Осы жағдайда медбике пациенттің жеке ерекшелігіне, әлеуметтік және физикалық деңгейіне мән беруі қажет.

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6.Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Көмекті жоспарлау;
- Мақсат қоюдың талаптары;
- Мақсаттың компоненттерін атап беріңіз.

№5 дәріс

1.Тақырыбы: Пациентті оқыту жоспарын іске асыру.

2.Мақсаты: Студенттерге Пациентті оқыту жоспарын іске асыру жайлы үйрету.

3.Дәріс тезистері:

- Оқыту әдістері, түрлері;
- Оқу жоспарын іске асыру;
- Жоспарды бағалу.

Оқыту әдістері:

- 1) Ауызша-ақпарат ауызша түрде баяндалады: әңгіме, әңгімелер, дәрістер;
- 2) Көрнекі (иллюстрациялық) - медициналық атластар, суреттер, бейнефильмдер пайдаланылады, күтім заттары, құралдар жинағы және т. б. көрсетіледі.;
- 3) Практикалық-практикалық манипуляцияларды пысықтау жүргізіледі: қан қысымын (АҚ) өлшеу, таңғышты ауыстыру, инсулин енгізу, қалта ингаляторын қолдану.

Оқу сабақтарының түрлері:

- дәріс-пациенттерге дайын білім беріледі, мысалы, аурудың белгілері, жүктіліктен қалай сақтану керек;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»	№72/ 11 () 16 беттің 11 беті
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Дәріс кешені		

- проблемалық дәріс-пациентке оны ойлануға және қорытынды жасауға мәжбүр ететін ақпаратты хабарлау;
- әңгімелесу-оқыту "сұрақ-жауап" нысанында жүргізіледі;
- рөлдік ойындар-пациент практикалық дағдыларды алады, белгілі бір жағдайда өзін - өзі ұстауды үйренеді (мысалы, өзін-өзі және өзара көмек көрсету).

Оқу сабақтарының түрлері:

- дәріс-пациенттерге дайын білім беріледі, мысалы, аурудың белгілері, жүктіліктен қалай сақтану керек;
- проблемалық дәріс-пациентке оны ойлануға және қорытынды жасауға мәжбүр ететін ақпаратты хабарлау;
- әңгімелесу-оқыту "сұрақ-жауап" нысанында жүргізіледі;
- рөлдік ойындар-пациент практикалық дағдыларды алады, белгілі бір жағдайда өзін - өзі ұстауды үйренеді (мысалы, өзін-өзі және өзара көмек көрсету).

Оқыту құралдары. Оқытудың маңызды құрамдас бөлігі Оқыту құралдары болып табылады.

Оқу құралдары түсініктемені толықтырады және суреттейді. Жәрдемақылар қызмет ете алады:

табиғи препараттар (Тірі және жансыз табиғат объектілері);

кәсіптік қызмет пәндері болып табылатын Оқыту құралдары (медициналық құралдар, таңу материалы, аспаптар және т. б.);

бейнелеу құралдары (суреттер, плакаттар, фотосуреттер, слайдтар, кестелер, диаграммалар, диаграммалар, графиктер, жоспарлар, карталар).

Ауызша құралдарға анықтамалық, оқу және әдістемелік әдебиеттер кіреді.

Техникалық Оқыту құралдары Техникалық құрылғылар болып табылады. Оларға бейнефильмдер, аудиожазбалар, компьютерлер, мультимедиялық жүйелер жатады.

Науқасты оқыту әдісі. Науқасты ресми оқыту Епу немесе үй жағдайында жүргізіледі. Мейірбике пациентті оқытады, күнделікті іс-әрекет дағдыларын (инсулинді енгізу, қан қысымын өлшеу) сіңіреді немесе басқа мамандардан алған дағдыларды бекітеді: дене шынықтыру нұсқаушысы (жаттығу терапиясы), массаж терапевті, диетолог.

Бейресми оқыту мейірбике өз міндеттерін орындай отырып, пациентпен оны толғандыратын мәселелер туралы сөйлескенде жүзеге асырылады: қалай дұрыс тамақтану керек, алкогольді жиі қолдану неге әкеледі, дәрі-дәрмектің қандай жанама әсерлері болуы мүмкін және т.б. ресми және бейресми оқытуды қолдана отырып, мейірбике пациенттің және оның туыстарының білімі мен дағдыларының көлемін едәуір арттыра алады.

Оқыту жеке және ұжымдық (топтық) болуы мүмкін. Науқастарды топтық оқытудың бірқатар артықшылықтары бар. Ол белгілі бір атмосфераны жасайды, ақпаратты дұрыс жарықта қабылдауға көмектеседі, жалғыздық сезімін азайтады. Пациенттер тәжірибе алмасуға, қолдау алуға мүмкіндік алады, бұл емдеу процесін оң қабылдауға ықпал етеді. Пациенттерді оқу процесіне неғұрлым белсенді тарту үшін оқытудың белсенді әдістерін қолданған жөн: нақты жағдайларды талдау, мәселелерді шешу, пікірталастар, ойлауды белсендіретін, оқуға деген ынтаны арттыратын іскерлік ойындар.

Іскерлік ойын қатысушыларды нақты өмірлік жағдайларға қояды, нақты мәселелерді шешу дағдылары мен дағдыларын қалыптастырады. Алайда, топтық оқыту әрдайым тиімді бола бермейді және оқушылардың санына тікелей байланысты: топ неғұрлым көп болса, тиімділік соғұрлым төмен болады. Оқытуды жеке немесе шағын топпен (2 - 3 адам) жүргізген дұрыс.

Оқу процесі бес кезеңнен тұрады:

1 пациент туралы ақпарат жинау (тексеру) және пациенттің немесе оның туыстарының білімі мен дағдыларының бастапқы деңгейін бағалау.

2 науқастың проблемаларын анықтау


Ақпаратты жинап, бағалағаннан кейін медбике мәселені анықтайды. Осыдан кейін ол осы мәселені шешу жолдарын анықтауы керек, бұл оқытудың келесі кезеңдерінің мазмұны болады.

3 оқу мақсаттарын анықтау, оның мазмұнын жоспарлау.

Дұрыс қойылған мақсатта үш компонент (аспект) болуы керек: 1) пациент не істеуі керек (ол не істей алуы керек, түсінуі керек және т. б.), яғни оқу нәтижесі; 2) уақыт шеңбері - оқу мақсатына қол жеткізілетін уақыт аралығы (немесе нақты Күн) (дейін 3 тәулікте, бір аптадан кейін, айдың соңына дейін); 3) кімнің немесе не арқылы мақсатқа қол жеткізіледі (өз бетінше, туыстарының көмегімен, балдақтардың көмегімен).

4 Оқу жоспарын іске асыру. Табысты оқыту үшін келесі әдістерді қолдануға болады: - демонстрация-мейірбике өзін-өзі күту немесе өзара күтім жасау дағдыларын көрсетеді (тістерді тазалау, балдақтарды пайдалану, инъекциялар, қан қысымын өлшеу және т. б.); дағдылардың әр кезеңін анық қайталанатын көрсету Оқу мақсаттарына жетудің маңызды құралы болып табылады; - кеңес беру - мейірбике пациенттің белгілі бір шеберлікті қалай орындайтынын бақылайды қиын немесе қиын кезеңдерде оған консультациялық көмек көрсетеді; - рөлдерді ойнау-оқытудың, әсіресе элеуметтік дағдылардың өте тиімді әдісі; бұл әдіспен пациенттің мүмкіндіктері мен тұрмыстық жағдайдағы өзін-өзі күтудің қиындықтары жақсы түсініледі, жаңа дағдылар дамиды (әңгіме бастау, белгілі бір жағдайда өзін сенімді ұстау мүмкіндігі), өзін-өзі тану деңгейі жоғарылайды, мәселенің жаңа шешімдері бар.

4-кезең Жоспарлауды жүзеге асыру



4. Көрнекі материалдар: слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Пациентті оқытудың әдістері;
- Оқыту құралдарын айтып беріңіз;
- Оқыту жеке және ұжымдық топтық түрлері.

№6 дәріс

1. Тақырыбы: Пациентті оқыту нәтижелерінің тиімділігін бағалау.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/ 11 ()
Дәріс кешені	16 беттің 13 беті

2.Мақсаты: Студенттерге Пациентті оқыту нәтижелерінің тиімділігін бағалауды таныстыру.

3.Дәріс тезистері:

Оқытудың нәтижелігі.

Оқытуға әсер ететін жағдайлар.

Оқу нәтижелерін бағалау.Бағалау келесідей болуы мүмкін: 1) пациент ақпаратты жақсы игеріп, тұрақты дағдыларға ие болды (ақпараттың маңыздылығы мен маңыздылығын түсінеді және дағдыны өз бетінше орындай алады); 2) пациент ақпарат пен дағдыларды жеткілікті түрде игермеген (көрсеткіштерді шатастырады, жауаптар мен әрекеттерге, манипуляциялардың реттілігіне сенімсіз); бұл жағдайда медбике мақсат қоюдың дұрыстығын талдауы керек және жоспарлау, тиісті түзетулер енгізу; 3) пациент ақпаратты меңгермеген және / немесе дағдыларды дамытпаған.

Оқыту схемасы бес кезеңнен тұрады:

- 1) қажетті ақпаратты ұсыну;
- 2) пациенттің есте сақтағанының бәрін қайталау;
- 3) пациенттің не меңгеруі керек екенін көрсету (көрсету);
- 4) пациенттің өз бетінше немесе мейірбикемен бірге шеберлікті қайталауы;
- 5) пациенттің басынан аяғына дейін өз бетінше түсіндіруі және шеберлігін көрсетуі.

Оқыту сапасына әсер ететін жағдайлар

Науқастың мотивациясы, оның оқуға деген ұмтылысы

Әрбір оқушы үшін мотивация жеке болады. Бірақ әр жағдайда танымдық қызығушылық болуы керек, онсыз тиімді оқыту мүмкін емес.

Науқастың оқуға дайындығы байланысты:

- денсаулық жағдайынан-науқастың ауыр жағдайында оқытуды кейінге қалдырған дұрыс;
 - сана күйлері-оқыту пациенттің айқын санасында ғана жүргізілуі керек және егер пациент ес-түссіз болса, мүлдем мүмкін емес; - ақыл-ой қабілеттері (интеллект), білім алушының білімі - ақыл-ой қабілеті төмен болса, оқу процесі мүмкін, бірақ мейірбикеден айтарлықтай физикалық белсенділікті талап етеді және эмоционалды шығындар; - жас-пациент неғұрлым жас болса, соғұрлым ол ең қарапайым әрекеттерді ғана игере алады және игере алады; егде жастағы адамдар да тиімді оқуға ықпал етпейді.

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

6. Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Пациентті оқытудың нәтижелігі;
- Оқыту схемасы бес кезеңі.

№7 дәріс

1. Тақырыбы: Пациентті денсаулықты нығайту, оңалту және аурулардың алдын алу бойынша оқыту.

2. Мақсаты: Студенттерді пациентті денсаулықты нығайту, оңалту және аурулардың алдын алу бойынша оқытумен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

- Денсаулықты нығайту іс-шаралары.
- Денсаулық мектебі.

Денсаулық мектебі – халықтың нысаналы топтарын осы топ үшін денсаулықты нығайту мен сақтаудың басым мәселелері бойынша оқытудың ұйымдық нысаны.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/ 11 ()
Дәріс кешені		16 беттің 14 беті

Мектептердің мақсаты – пациенттердің дәрігердің ұсынымдарын орындауға мотивациясын арттыру және жақсарту, емдеуде, оңалтуда және алдын алуда дәрігермен серіктестік қарым-қатынас қалыптастыру.

Пациент мектебінің идеясы – пациент пен медициналық персоналдың өзара жауапкершілігі, денсаулықты сақтау және жақсарту мәдениеті, қарым-қатынас мәдениеті, мұнда дәрігердің барлық талаптарын адал орындап қана қоймай, сонымен қатар олардың жағдайының барлық қыр-сырын қадағалап, емдеуші дәрігерді түзету енгізу және сонымен бірге ауруды дәрігерге дейінгі бақылау дағдыларын қалыптастыру мақсатында жағымсыз және оң өзгерістер туралы уақтылы хабарлай отырып, оңалту процесінің белсенді қатысушысы болу керек.

Міндеттері: ауру, қауіп факторлары және прогрессивті курс жағдайлары туралы дұрыс пікір қалыптастыру, бұл пациентке пациенттердің және олардың жақындарының әрі қарайғы сауықтыру процесінде белсенді өмірлік ұстанымын анағұрлым нақты қалыптастыруға және ұзақ уақыт бойы ұсыныстар кешенін орындауға мүмкіндік береді.

Сабақтарды өткізу технологиялары. 15-20 слайд, бейнематериал, көрнекі құрал, әңгіме, сұрақ-жауап, интерактивті қарым-қатынас, өзіне-өзі көмек көрсету, мотивациялық сұхбат.

«Диабет» денсаулық мектебі

Өзектілігі. Қант диабеті (бұдан әрі – ҚД) – Біріккен Ұлттар Ұйымын 2006 жылы барлық елдерді қант диабетімен күресуде бірігуге шақыратын №61/225 қарар қабылдауға итермелеген алғашқы жұқпалы емес аурулардың бірі.

Қазақстанда 15 жыл ішінде қант диабетімен ауыратын науқастардың саны 3,5 есе өсті. 2021 жылдың басында диспансерлік есепте 382 мың адам болды, оның ішінде: 30 мыңы - 1 типті қант диабетіне, 352 мыңы – 2 типті қант диабетіне шалдыққан пациенттер. Қант диабетімен ауыратындардың көбісі 40-59 жас аралығындағы еңбекке қабілетті жастағылар, бұл осы мәселенің әлеуметтік маңыздылығын көрсетеді.

Сабақтың мақсаты – тыңдаушыларға ҚД, оның түрлері, асқынулары туралы, мысалы: гипо- және гипергликемиялық жағдай, гипогликемиялық кома, диабеттік аяқ, нысаналы ағзалар деп аталатын артериялар, жүрек, бүйрек, ми, көз сияқты осы патология кезінде бірқатар ағзаның зақымдануы туралы; қауіп факторлары және аурудың даму болжамдары туралы; қандағы қант мөлшерін өлшеу, пациент күнделігін жүргізу, ҚД-мен ауыратын науқастың дұрыс тамақтануы дағдыларын қалыптастыру.

«Сау жүрек, таза қан тамырлары» мектебі

Өзектілігі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлемдегі ересектердің 40%-да гипертония дамиды деп есептейді және ол жыл сайын тоғыз миллионнан астам өлім-жітім жағдайына әкеледі. Жыл сайын жүрек пен өкпе ауруларынан, инсульттан, обыр мен диабеттен 70 жасқа дейінгі 16 миллион адамның мезгілсіз қайтыс болуы анықталады. Қан айналымы жүйесінің аурулары (бұдан әрі - ҚЖА) салдарынан қайтыс болған адамдардың 80%-ы инфаркттан немесе инсульттан қайтыс болды, олардың көпшілігі өмір салтын өзгертуге бағытталған араласулар және қажет болған жағдайда дәрі-дәрмек терапиясын қолдану арқылы негізгі қауіп факторларымен күресу арқылы алдын алуға болады.

Сабақтың мақсаты – артериялық гипертониямен және жүректің ишемиялық ауруымен ауыратын науқастардың өз аурулары, қауіп факторлары (ҚФ), асқынулар және профилактика туралы хабардарлығын арттыру; сауықтыруға уәждемені, емделуге және дәрігердің ұсынымдарын орындауға бейілділікті қалыптастыру; денсаулық жағдайын өзін-өзі бақылау, өршу мен криз жағдайында дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру сондай-ақ, олардың денсаулығына жағымсыз әсерлерді азайту үшін мінез-құлық ҚФ (тамақтану, қозғалыс белсенділігі, стрессті басқару, зиян әдеттерден бас тарту).

4. Көрнекі материалдар: 15-20 слайд

5. Әдебиеттер: Соңғы бетті қараңыз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/ 11 ()
Дәріс кешені	16 беттің 15 беті

Негізгі әдебиет

1. Мейірбикелік дағдылар оқулық / А. Қаныбеков – Алматы : Эверо, 2016. – 476 б. с.
2. Мамандандырылған медбикелік күтімді ұйымдастыру [Электронный ресурс] : мед. колледждер мен училищелерге арн. оқу құралы / Н. Ю. Корягина [т/б.] ; қазақ тіл. ауд. А. Р. Қуспанова. - Электрон. текстовые дан. (42.7Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 432 б. с.
3. Адилова, Л. М. Мейіргердің манипуляциялық әрекетінің алгоритмдері [Электронный ресурс] : оқу құралы = Алгоритмы сестринских манипуляций : учеб. пособие / Л. М. Адилова. - Электрон. текстовые дан. (39.5Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 248б. с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қаныбеков, А. Медбикелердің іс - әрекеттері. 1- бөлім [Мәтін] : оқулық бағдарлама /А. Қаныбеков. - Алматы : Эверо, 2016.- 228 б
2. Қаныбеков, А. Медбикелердің іс – әрекеттері. 2-бөлім : оқулық бағдарлама / А. Қаныбеков. – Алматы : Эверо, 2016. – 260 бет
3. Қаныбеков, А. Медбикенің іс-әрекеттері : оқулық бағдарлама / А. Қаныбеков. - ; ҚР ДСМ РЦИТМОН басп. ұсынған. – Алматы : Эверо, 2014. – 476 бет.

6.Интернет-ресурс:

1. Жүнісова Д.К., Дербісалина Г.Ә., Бекбергенова Ж.Б., Үмбетжанова А.Т. Пациенттерді оқыту Оқу құралы Қарағанды, 2020 <https://aknurpress.kz/reader/web/2329>
2. Нурманова, М.Ш. және т.б. Мейірбике ісі негіздері <http://rmebrk.kz/book/1173863>
3. Пациент- ориентированное обучение : Учебное пособие. / А.А. Сейдахметова, Ж.С. Султанова, Э.А. Оразбаева, Г.К. Зулпухарова, Л.С. Еримбетова; Южно- Казахстанская медицинская академия. - Шымкент: ЮКГМА, 2018. - 121 с. <http://rmebrk.kz/book/11714137>.

Бақылау сұрақтар (кері байланыс):

- Скринингтік зерттеу әдісі;
- Денсаулық мектебі;
- Пациент мектебінің идеясы.

OҢTҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 The logo of the South Kazakhstan Medical Academy (SKMA) features a stylized sun with rays rising over a horizon, with the acronym 'SKMA' and the year '1979' below it.	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы Дәріс кешені	№72/ 11 () 16 беттің 16 беті	